

«ТАРИХТЫ ОҚЫТУДЫҢ ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ» СЕКЦИЯСЫ

СЕКЦИЯ «СОВРЕМЕННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ В ПРЕПОДАВАНИИ ИСТОРИИ»

МЕКТЕП МҰРАЖАЙЫНЫҢ ЭКСПОНАТТАРЫН ТАРИХ САБАГЫНДА ҚОЛДАНУ

Алимханова Д.А., п.ғ.м., тарих пәнінің мұғалімі
«№15 ЖББМ» КММ
Қарағанды қ., Қазақстан

Тарих пәні мұғалімінің міндеттерінің бірі - өскелең ұрпақтың бойына отансүйгіштік пен жауапкершілік қасиеттерді бойына сіңіру. Тарих сабағы -білім алушылар үшін өткенге үніліп, өздерін оның бір бөлшегі ретінде сезіну мүмкіндіктерінің бірі. Сабақтарда теориялық материалды жақсы түсіну және игеру үшін заттық көрнекілікті пайдалану өте маңызды. Тарихи кезең туралы түсінік, оқушыға мұғалімнің әңгімесі негізінде қалыптасады. Бірақ материалды есте сақтау мен түсіну үшін көзбен көріп, зерттеу жұмысын жүргізу оң нәтиже береді. Осы мақсатта мұражай экспонаттарын қолдану өте тиімді.

Мұражай экспонаттары тарихи оқиғалардың куәгері. Оқушыларға өткен тарихты жан-жақты тануға мүмкіндік береді. Білім алушылар оқиғалардың хронологиясымен, тарихи тұлғалар мен ескерткіштерді тек танысып қана қоймай, тарихи кезеңдер туралы нақты түсініктерге ие болады. Тарих сабақтарында мектеп мұражайының экспонаттарын пайдалану оқушыларға өткен тарихи оқиғаны көз алдына айқынырақ бейнелеу үшін маңызы зор. Заттық және құжаттық мұражай материалдары мұғалімге өткеннің әлеуметтік қатынастарын оқушыларға бейнелік қайта қалыптастырып, мол ақпарат алуына көмектеседі. Ал оқушыларға бұл қатынастарды тереңірек түсінуге жол ашады. Мұражай экспонаттарымен жұмыс оқушылардың тарихи жазбаша дереккөздерді талдай білуге, құжаттар мен хаттардағы ақпаратпен жұмыс жасауға үйретеді және ең бастысы ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге баулиды.

Қарағанды қаласындағы №15 жалпы білім беретін мектепте екі үлкен мұражай бар.

<i>Мұражай атауы</i>	«Әскер Данқ мұражайы»
<i>Ашылу жылы</i>	2014 жылы
<i>Экспонаттар қоры</i>	142 соның ішінде 100 экспонат қолдан жасалған

Әскери Данқ мұражайы
2 бөлімнен тұрады


Ұлы Отан соғысы

Ауған соғысы



Екінші мұражай

<i>Мұражай атауы</i>	«Рухани Жаңғыру»
<i>Ашылу жылы</i>	2018 жылы
<i>Экспонаттар қоры</i>	142 соның ішінде 100 экспонат қолдан жасалған





№15 мектептің 6-7 сынып оқушылары осы мұражайларда жиі болып, осында өткен сабақтарға қызыға атсалысып, өз қолдарымен экспонаттар жасауды да дәстүрге айналдырды. Былтырғы оқу жылында 6-сыныптың оқушылары Қазақстанның ежелгі дәуіріндегі сақ тайпаларының тарихы қатты қызықтырып, таңғалдырды. Әсіресе, еліміздің көптеген жерлерінен табылған Алтын адамның жерлену рәсімі. Атап айтқанда, 1998-1999 жылдары қазақстандық археолог Зейнулла Самашев зерттеген Шығыс Қазақстандағы Берел қорымындағы №11 қорған. 2000 жыл бұрын өмір сүрген сақ тайпалары қолдан мұз капсулаларын ойластырып, қабірдің ішіне орналастырған. Сақтар сол ғасырда өзінде-ақ температуралық режимді реттеу арқылы мүрдені ұзақ сақтаудың жолын білген. Бұл әлемнің ешбір жерінде кездеспейтін керемет жаңалық. Оқушылар бұл тақырыпты кеңінен зерттеп, кітапханада деректемелік, тарихнамалық шолу жасады. Бұл қорымды алғаш тапқан В.В.Радлов еңбегін зерделеп, қазба жұмысы нәтижесінде табылған мистикалық грифондарды зерттеді. Оқушылар бұл грифондардың не себепті бейнеленгендігін зерттей келе, грифон-денесі аң патшасы –арыстан, басы- құс патшасы-қыран, ал кейде грифондарда құйрығы ретінде жылан пайда болатынын анықтады. Сақтар арыстан бейнесінде жер бетін бейлеушілер (мықты жаулаушылар болған), ал қыран- аспан бейлеушісі (күнге табынғандықтары), жылан ол- жер асты билеушісі(жер астында да өмір бар). Оқушылар осы тақырыпқа қатысты біраз зерттеу жұмыстарын жүргізіп, мектеп мұражайына Берел қорымындағы ат бейнесін және грифондардың мүсінін жасады.



Осындай тарихи жәдігерлерді мүсіндеу сынды жұмыстар жалғасын табуда. Қазіргі уақытта Шыңғысханның ұрпағы Жошы мазарын бейнелеуді бастап кетті. Деректерге сүйенсек, Шыңғысханның өзінің және Жошыдан басқа балаларының жерлеген жері беймәлім. Сондықтан Қазақстандағы Жошы мазарының орны әрине ерекше.



Мектеп мұражайының экспонаттар қоры балаға тарихтың беймәлім, түсініксіз әлемін көзбен көріп елестетуде үлкен рөл атқарады. Мұражай заттық және рухани құндылықтарды танытуда, ғылыми тұрғыда зерттеп, оның нәтижелеріп насихаттауда, осы негізде тәлім-тәрбие беруде маңызды рөл атқарады.

ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ ЖЫЛДАРЫНДА (1941-45) АҚМОЛА ОБЛЫСЫНДА ДЕПОРТАЦИЯЛАНҒАН ХАЛЫҚТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ ЖӘНЕ ОРНАЛАСТЫРУ, САНЫ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ҚҰРАМЫ

Адасхан А.Қ., магистрант
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
Қарағанды, Қазақстан

Кеңес Өкіметі халықтарды ығыстырып, қоныс аударуға итермелеуі 1937 жылдан жүзеге аса бастады, Сталиннің бастамасы ұйытқы болып Жоғарғы Кеңестің қаулысы шарасы қолға алынып, жергілікті жатақтар, шаруалар үйреншікті мекенінен қол үзіп қала берді. Оның салқыны Қазақстанға салмақ салды, 30 жылдарында зұлмат аштықтан кейін титықтаған ел күйзелістен арылысымен атамекенге қиырдағы алысы берісі жоқ, сан халықтардың депортация ошағына айналды. Сонау төңкеріс алаңы мен қан майданда жастары әскерге тартылып, темірі зауыттарда оқ дәрі боп артылып, қыр да болсын, тылда болсын бір ішек болған жұрт көп тер төккені рас, ұжымдастыру әлегі қалыс қалмай, зиялыларын озбыр саясат оты шарпып өтті. Қуғын сүргін, репрессия жылдарында көршілес мемлекет асып кеткен рулар, қара тізімге тұрған тұлғалар бертін келе 70-80 жылдары ғана ақтала бастады. КарЛаг, Алжир іспетті абақты, лагерьлер Қазақстан аумағының түкпір түкпірінен жиылған қосақ арасында кеткен босқындар мен жергілікті тұрғындардың абақтысына айналды, сонымен қатар Сібірге жер аударылу сынды Қиыр Шығысқа қазақша айтқанда Итжеккен ге айдалу, жегілу ұрандары белең алды, осының бәрі соғыс қарсаңына дейін қарқында болған оқиғалар. 1941-45 Ұлы Отан соғысы қарсаңында елімізге алғаш лек болып кәріс диаспорасы келіп жетті, оны әсіресе Жерұйық деп аталып кеткен программамен қарсы алынды, одан кейін «Еділ бойындағы немістерді көшіру» жарлығымен эшелон эшелонмен неміс жұрты Қазақстан аумағына табан тіреді. Айтқандай 20 ғасыр бас кезіпде Столыпин реформасы мен орыс, украиндар жерімізге қоныс аударылып десятина жер бөлініп